


# Қазақстан мектептерінде денсаулық пен амандықты нығайту қағидаттарын іске асыру



Schools for Health in Europe



Авторлары:  
Ақбота Өбілдина, Лаура Өтемісова, Айгүл Құттымұратова, Жанар Қалмақова  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы  
2022 жыл  
ISBN 978-87-972118-8-5

## МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ.....	1
Кіріспе.....	3
Мектеп жүйесіндегі денсаулықты нығайтуға арналған заңнамалық база .....	5
Мектеп жүйесіндегі денсаулықты нығайтудағы мұғалімнің рөлі .....	7
Мұғалімнің талап етілетін немесе қалаған нақты дағдылары .....	9
Медицина қызметкерлерінің мектеп жүйесінде денсаулықты нығайтудағы рөлі..	10
Мектеп жүйесіне денсаулықты нығайтуды енгізу стратегиясы .....	11
Мектептегі денсаулықты нығайтуға арналған оқу сағаттары .....	12
Мектепте денсаулықты нығайтудың ұзақ мерзімді мақсаттары .....	13
Қорытынды.....	16
Глоссарий.....	17
Әдебиет және дереккөздер .....	22

## Авторлары

Жанар Амангелдіқызы Қалмақова – м. ғ. к., ҚР ДСМ "Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК Басқарма төрағасының м. а.

Ақбота Әбілдина - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» қазақстандық желісінің ұлттық үйлестірушісі.

Лаура Өтемісова - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының техникалық сарапшысы.

Айгүл Құттымұратова - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік бюросының Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау жөніндегі техникалық маманы.

Қазақ тілінде жарияланған күні:  
Қаңтар 2021

Ағылшын тіліндегі құжат: [www.schoolsforhealth.org/resources/materials-and-tools/](http://www.schoolsforhealth.org/resources/materials-and-tools/)  
веб-сайтта қол жетімді

ISBN 978-87-972118-8-5

## Ризашылық білдіру

Авторлар Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне елдегі «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» тұжырымдамасын іске асыруда көрсеткен қолдауы үшін, сондай-ақ Schools for Health in Europe еуропалық желісіне мектептер үшін Нұсқаулықтың екінші нұсқасын ұлттық бейімдеу кезінде тұжырымдамалық және әдіснамалық көмек көрсеткені үшін ризашылықтарын білдіреді.

Ұлттық бейімдеу және қазақ тіліне аудару Ресей Федерациясының Үкіметі қаржыландыратын (2016 жылғы 2 маусымдағы №1090-ө қаулы) «Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерінде денсаулық сақтау мектептері желісін дамыту (2016-2020 жылдар)» ДДҰ Ресей-ЕӨБ жобасы шеңберінде жүзеге асырылды.

## Кіріспе

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептердің (ДНЫМ) тұжырымдамасын іске асыру қағидаты бүкіл мектеп қоғамдастығының денсаулығын сақтау мен нығайтуға жалпы мектептік тәсілді қолдануға негізделеді. Бұл тәсіл алты негізгі саланы қамтиды, олар: денсаулық сақтау саласындағы саясат, физикалық және әлеуметтік орта, қоғаммен қарым-қатынас, денсаулық саласындағы жеке дағдылар және медициналық қызметтер. Әрбір негізгі саланың әр мектепке тән контекстті ескере отырып, өзекті, бейімді және қол жетімді болып келетін бірқатар компоненттер мен тиісті көрсеткіштер жиынтығы бар. ДНЫМ тұжырымдамасының негіздері және оны іске асыруды қолдау құралдары SHE (SHE School Manual ver.2) мектептеріне арналған бірыңғай Нұсқаулыққа қалыптастырылды.

Осы қосымшаның мақсаты - денсаулық сақтау және білім беру секторларының өкілдерін қоса алғанда, барлық мүдделі тараптарға, атап айтқанда мектеп қоғамдастығына SHE мектептеріне арналған Нұсқаулықты Қазақстан контексінде түсіну мен қолдануда көмек көрсету.

Қосымша Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау, білім беру және еңбек қатынастары саласында қолданылатын нормативтік-құқықтық актілерін ескере отырып жасалды. Бұл мектеп әкімшілігінің оқушылардың, педагогтардың және мектеп қызметкерлерінің денсаулығы мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезіндегі іс-қимылдардың заңдылығын білуін және түсінуін қамтамасыз етеді.

Осы Нұсқаулықты қолданған кезде мектептегі денсаулықты нығайту – бұл мектеп қоғамдастығының әр мүшесінің денсаулығын жақсартуға және қорғауға бағытталған кез-келген қолданылатын іс-әрекет немесе іс-шара екенін түсіну керек.

## Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп дегеніміз не?

Бұл оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің және жалпы қоғамның денсаулығына жақсы әсер ететін орта құруды бірінші орынға қоятын және әрекет ететін мектеп қауымдастығы.

### **Мектеп қауымдастығы дегеніміз не?**

Бұл студенттерді, мұғалімдерді, әкімшілікті, көмекші қызметкерлер мен ата-аналарды қамтитын ұжым. Олардың барлығы оқу процесінде бір-бірімен тең дәрежеде өзара әрекеттеседі.

## Мектеп жүйесіндегі денсаулықты нығайтуға арналған заңнамалық база

1995 жылы ресми түрде басталған мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау саласындағы ДДҰ жаһандық бастамасы жергілікті, ұлттық, аймақтық және жаһандық деңгейлерде білім беру процесі аясында денсаулықты нығайту саласындағы қызметті жұмылдыру мен күшейтуге бағытталған. Бастама мектеп арқылы оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің, отбасылардың және қоғамдастықтың басқа мүшелерінің денсаулығын жақсартуға бағытталған.

Мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау саласында ДДҰ жаһандық бастамасының барлық күш-жігерін бағыттау негізі мыналар болып табылады: денсаулықты нығайту бойынша Оттава хартиясы (1986); денсаулықты нығайту бойынша 4-ші Халықаралық конференцияның Джакарта декларациясы (1997); және ДДҰ Сараптамалық комиссиясының жалпы білім беретін мектептерде білім беру және денсаулықты нығайту бойынша ұсынымы (1995).

ДДҰ жаһандық бастамасының мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау саласындағы негізгі міндеті - «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» деп атауға болатын мектептердің санын көбейту. Анықтамалар қажеттіліктер мен жағдайларға байланысты ерекшеленетініне қарамастан, денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектепті үнемі өзінің әлеуетін арттыратын және өмір сүру, оқу және жұмыс үшін салауатты жағдай жасау мүмкіндіктерін кеңейтетін мектеп ретінде сипаттауға болады.

2017 жылы Қазақстан Республикасында жүргізілген пилоттық жобаның, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер денсаулығы саласындағы ұлттық эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша <sup>12</sup>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі елдің барлық өңірлерінде кезең-кезеңімен енгізу арқылы елдегі ДНЫМ бастамасын кеңейту туралы шешім

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасында балалардың семіздігі мен оны қалыптастыратын факторлардың эпидемиологиялық мониторингі, 2015-2016 жж.; <https://hls.kz/uploads/scientific-facts/rus/cosi-nac-otchet-detskoe-ojirenie.pdf>;

<sup>2</sup> Қазақстанның балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы мен амандығын қалыптастыратын факторлар, 2019 ж.; <https://hls.kz/nauchnye-fakty>;

қабылдады. Барлық мүдделі тараптардың міндеттемелерін бекіту үшін ДНЫМ бастамасы Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына енгізілді<sup>3</sup>.

Осылайша, ДНЫМ тұжырымдамасы өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту үшін қоғамға бағдарланған басым буын ретінде айқындалған. Бұл басымдық «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» жобасын іске асыру жөніндегі жол картасында бекітілген<sup>4</sup>.

ДНЫМ тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде ел ДДҰ-ның Еуропалық өңірлік бюросынан, ДДҰ-ның Қазақстандағы елдік офисінен, сондай-ақ Schools for Health in Europe еуропалық желісінен әдіснамалық және техникалық қолдау алады.

---

<sup>3</sup> "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №982 қаулысы;

<sup>4</sup> "Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер" жобасын іске асыру жөніндегі жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Вице-министрі Л. Бюрабекованың 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 01-1-0/9305-вн бұйрығы

## Мектеп жүйесіндегі денсаулықты нығайтудағы мұғалімнің рөлі

Халықтың денсаулық мәселелеріндегі сауаттылығын арттырудағы мектептің рөлі күн сайын өзекті болып келеді, өйткені мектеп оқушылардан, ата-аналардан, мұғалімдерден, мектеп қызметкерлерінен және мектеп қауымдастығына қызмет көрсететін қызметтерден тұратын ең ірі қауымдастықтардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, бала өз денсаулығы туралы және оны қалай нығайту керектігі туралы неғұрлым ертерек біле бастаса, бұл білім соғұрлым күшті әрі берік болады, кейін ол ересек өмірде өмірлік дағдыларға айналады. ДДҰ анықтамасына сәйкес, денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық «жеке адамдардың ақпаратқа қол жеткізуге, оны жақсы денсаулықты нығайтуға және сақтауға ықпал ететіндей түсінуге және пайдалануға деген ынтасы мен қабілетін анықтайтын танымдық және әлеуметтік дағдыларды көрсетеді»<sup>5</sup>.

Денсаулық мәселелерінде сауаттылық туралы білімді жеткізе алатын мұғалімдер мектеп ортасында маңызды рөл атқарады. Олар денсаулыққа қатысты аспектілерді оқу жоспарына біріктіре білуі керек және тамақтану мен физикалық белсенділікке, жыныстық тәрбиеге, психикалық әл-ауқатқа қатысты тақырыптарды қозғауы керек; олар құпиялылық пен қолдауды қамтамасыз ете отырып, оқушылар мен ата-аналарды толғандыратын денсаулық пен әл-ауқат туралы сұрақтарға жауап бере алуы керек. Денсаулық мәселелерінде сауаттылықты ұлттық мектеп бағдарламасына енгізу неғұрлым перспективалы және тиімді тәсіл болып табылады, осылайша елдің барлық мектептерінде денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық деңгейінің айырмашылықтарын барынша азайтып, қолжетімділікті теңестіреді. Мектеп бағдарламасындағы денсаулық мәселелеріндегі сауаттылықты дамыту жеке пән арқылы (мысалы, Америка Құрама Штаттарында) немесе жалпы оқу бағдарламасына кіретін әртүрлі пәндер бойынша (мысалы, Финляндияда) жүзеге асырылуы мүмкін.

Мектеп қоғамдастығының маңызды бөлігі бола отырып, педагогтар оқушыларға денсаулығына, әл-ауқатына және біліміне байланысты саналы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды дамытуға ықпал ете алады. Нәтижесінде балалар өздерінің жасына және есейген сайын білім жинақтау

<sup>5</sup> Nutbeam D. Денсаулықты нығайту мәселелері бойынша терминдердің глоссарийі. Health Prom Int. 1998;13:349–64 ([https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/64546/WHO\\_HPR\\_HEP\\_98.1\\_rus.pdf;jsessionid=A528AB01CAE36834CFCFDB76CED5F98D?sequence=2](https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/64546/WHO_HPR_HEP_98.1_rus.pdf;jsessionid=A528AB01CAE36834CFCFDB76CED5F98D?sequence=2))



жүйесін ескере отырып, денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты сауаттылық саласында кең ауқымды дағдыларды дамытуға мүмкіндік алады, соның ішінде:

- Теориялық білім
- Практикалық білім
- Сыни ойлау
- Сана-сезім және өзін-өзі тану
- **Тұлғааралық қатынастар** және тиімді қарым-қатынас дағдылары

Мұғалімдер бұл білім мен дағдыларды бекітуді ресми және бейресми қарым-қатынас арқылы, әңгімелер, викториналар, тапсырмалар мен тесттер жүргізіп бағалай алады. Осылайша, салауатты мектеп ортасында алынған сыни маңызды білім мен дағдылардың сақталуына кепілдік беріледі.

Сонымен қатар, денсаулық пен әл-ауқат туралы білімді таратуға қабілетті мұғалімдер өз оқушылары, ата-аналары, сондай-ақ әріптестері арасында ең өзекті мәселелер бойынша сыныптан тыс талқылаулар жүргізе алады. Мысалы, бұл бала семіздігінің алдын алу тақырыбы болуы мүмкін. Осындай талқылауларда үйде және қоғамдастықта дұрыс тамақтану және белсенді уақыт өткізу дағдыларын қалыптастыру үшін жасалатын күш-жігер туралы айтуға болады, оның ішінде: толыққанды таңғы ас пен ауыз суды тұтыну мәдениетін дамыту, үй тағамдары мен маусымдық көкөністер мен жемістердің құндылығы, теледидар алдында және гаджеттермен өтетін уақытты қысқарту, сондай-ақ бірлескен белсенді демалыс.

## Мұғалімнің талап етілетін немесе қалаған нақты дағдылары

Барлық мамандықтардың пән мұғалімдердің<sup>6</sup> лауазымдық міндеттері оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес және «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеуді қамтиды. Педагог білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім алушының жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді. Өз қызметінде білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді түрлерін, әдістері мен құралдарын қолданады. Мұндай тәсілдер өмірлік дағдыларды қалыптастыруды және мектеп ортасында өз денсаулығына қатысты сауаттылық аспектілерін оқытуды қамтуы керек.

Сонымен қатар, педагог өзінің кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін арттыра алуы керек. Бұл бағытта мектеп педагогтарды белгілі бір кезеңділікпен денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық бағыттары бойынша қосымша оқытумен қамтамасыз етуі тиіс.

---

<sup>6</sup> "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (30.04.2020 ж. № 169 редакция)

## Медицина қызметкерлерінің мектеп жүйесінде денсаулықты нығайтудағы рөлі

Мектептің медицина қызметкері мектеп ортасында денсаулықты сақтау мен нығайтуда негізгі рөл атқарады.

Лауазымдық міндеттер шеңберінде мектеп медицина қызметкерлері жыл сайын оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайтуды, олардың арасында сырқаттанушылықты төмендету, профилактикалық егулерді, профилактикалық қарап-тексерулерді жүргізуді ұйымдастыруды және бекітілген жері бойынша уақтылы диспансерге жатқызуды бақылауды жүргізуді жоспарлайды. Сондай-ақ мектеп медицина қызметкерлерінің функцияларына шұғыл жағдайлар, созылмалы аурулар ушыққан, жарақаттанған жағдайларда оқушыларға, педагог және техникалық персоналға жедел медициналық көмек көрсету жатады. Сонымен қатар, қолданыстағы нормаларға сәйкес мектеп медицина қызметкерлерінің маңызды функциясы физикалық, әлеуметтік, психикалық және эмоциялық саламаттылыққа қолдау көрсететін дағдыларды меңгертуге қатысу, мінез-құлықтық қауіп факторларын жоюға (темекі шегу, нашақорлық, уытқұмарлық, алкоголизм), сондай-ақ мектепте психологтарымен және әлеуметтік педагогтарымен бірлесіп алдын алу шаралар қабылдай отырып, оқушылардың арасында суицид бойынша қауіп топтарын анықтауға қатысу болып табылады<sup>7</sup>.

Өз құзыреті шегінде мектептің медицина қызметкерлері оқу процесін және оқудың қауіпсіз жағдайларын ұйымдастыруға, мектепте ұтымды және қауіпсіз тамақтандыруды, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етуге қатысуы тиіс.

Қолданыстағы нормативтік және құқықтық актілерді ескере отырып, мектеп медицина қызметкерлері құзыретті мамандармен бірге педагогикалық кеңестерде, сынып сағаттарында, жалпы және ата-аналар жиналыстарында жүйелі түрде оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер және мектеп қызметкерлері

<sup>7</sup> "Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 18 мамырда № 15131 болып тіркелді

арасында денсаулықты нығайту саласындағы сауаттылық пен хабардарлықты арттыру бойынша іс-шараларды жоспарлап, өткізуі керек.

Жалпымектептік тәсіл шегінде оқушылар жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке гигиена, сексуалдық, психикалық және дене денсаулығы мәселелерінде кәсіби консультация алу үшін мектеп медицина қызметкерлеріне еркін қол жеткізе алуы тиіс. Қажет болған жағдайда мектеп медицина қызметкері оқушыны тиісті мамандандырылған көмекке жіберу үшін алдын ала пысықталған алгоритмдерді меңгеруі тиіс. Мысалы, жасөспірім мектеп оқушыларын консультация орталықтарына немесе жасөспірімдерге мейірімді медициналық қызмет көрсететін клиникаларға жібереді.

Оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен және мектеп қызметкерлерімен сенімді қарым-қатынас орнату және ақпараттандыру тиімділігі үшін мектептің медицина қызметкері коммуникативтік дағдыларды меңгеруі тиіс, бұл да уақтылы көмек көрсетуге ықпал етеді.

## Мектеп жүйесіне денсаулықты нығайтуды енгізу стратегиясы

Бүкіл мектеп қоғамдастығының денсаулықты сақтау және нығайту мәселелеріне бейілділігі ДНЫМ құру үшін негіз болып табылады. Білім беру мекемесінің басшысы мектептегі денсаулықты нығайту бастамаларын ілгерілетуде маңызды рөл атқарады. ДНЫМ тұжырымдамасын енгізу стратегиясы мектеп әкімшілігінің, мектеп қызметкерлерінің, оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен және қолдауымен әзірленеді. Мектепте шынайы тәжірибемен сүйемелденетін нақты қалыптасқан саясат әрекет етуі керек, оның мақсаты мектеп қоғамдастығының денсаулығы мен амандығы болып табылады. Бұл, мысалы, мектеп асханасында тамақ таңдау немесе буллингтің (қорлаудың) алдын алудың жаңа тетіктерін қолдану сияқты проблемаларға тікелей әсер етуге көмектеседі.

Денсаулықты сақтау және нығайту саласындағы мектеп саясаты мектептің жалпы даму жоспарының негізі болып табылады.

Денсаулықты нығайту стратегиясы мектеп қоғамдастығының барлық мүшелерінің жалпы күш-жігерімен талқыланып әзірленеді және денсаулық пен амандық және қолда бар ресурстар мәселелерінде барлық тараптардың ағымдағы қажеттіліктерін ескере отырып, белгілі бір кезеңге бекітіледі.

Денсаулық сақтауға бейілділікті мектептің негізгі құжаттарында көрсету қажет (жарғы, стратегия), мектептің миссиясына, пайымдауы мен даму мақсаттарына денсаулық сақтауға бейілділікті қосу; осы ережелерді барлық мүдделі тұлғалар үшін еркін қолжетімділікпен мектептің ресми сайтында, әлеуметтік желілердегі мектептің ресми парақшаларында және мектеп жұмыс істейтін басқа да онлайн ресурстарда орналастыру.

## Мектептегі денсаулықты нығайтуға арналған оқу сағаттары

Денсаулықты нығайтуға арналған оқу сағаттарының саны көбінесе жаңа оқу пәндерін құруды талап етпейді. Қолданыстағы оқу бағдарламалары мен пәндерге (Жаратылыстану, Дүниетану, Өзін-өзі тану, Жол қозғалысы ережелері, Биология, Дене шынықтыру, Тіршілік қауіпсіздігі негіздері, Цифрлық сауаттылық, Құқық негіздері) оқушылардың жасын және базалық білім берудің әртүрлі кезеңдеріндегі компоненттердің мазмұнын ескере отырып, төменде аталған негізгі бағыттарды енгізу жеткілікті:

- **Гигиеналық оқыту** (*жеке гигиена, өмір сүру жағдайының гигиенасы, жұқпалы аурулардың алдын алу*).
- **Тамақтану және физикалық белсенділік** (*дұрыс тамақтану, салауатты әдеттер, физикалық белсенділік және аз қимылды тұрмыс пен электронды құрылғыларды шамадан тыс пайдалану профилактикасы, мінез-құлықтық қауіп факторларының алдын алу*).
- **Медициналық сауаттылық** (*мінез-құлықтық қауіп факторлары, салауатты өмір салтын жүргізу дағдыларын қалыптастыру, алғашқы медициналық көмек негіздері, балалар жарақатының алдын алу, төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық қағидалары*).
- **Репродуктивті және психикалық денсаулық** (*репродуктивті денсаулықты қорғау, жыныстық жетілу, жыныстық ағарту, әлеуметтік мінез-құлық, гендерлік қатыстылық және гендерлік теңдік, гендерлік зорлық-зомбылық, жауапты серіктестікті қалыптастыру және отбасылық өмірге дайындық, буллинг, кибербуллинг, троллинг, блейминг*).

Педагог өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де

құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатыса алады және өз үлесін қоса алады. Педагог тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға құқылы<sup>8</sup>. Тиісінше, педагог өз құзыреті шеңберінде жұмыстың практикалық бөлігіне медициналық сауаттылықтың тиісті компоненттерін қосуды көздей алады.

## Мектепте денсаулықты нығайтудың ұзақ мерзімді мақсаттары

Денсаулыққа қатысты мақсаттар мектеп белгілі бір уақыт аралығында қол жеткізуге үміттенетін шаралардың нәтижелерін қорытындылауға мүмкіндік береді.

Денсаулыққа бағытталған мақсаттар мектептегі жалпы саясаттың бөлігі болуы тиіс. Бұл мақсаттар мектеп ортасында денсаулық пен қауіпсіздік саласында алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін үдемелі қозғалысты қалыптастыруға және жоспарлауға ықпал ететін бағдарларды белгілеу үшін анықталады.

Жалпы мектептік тәсілді жүзеге асыру кезінде мектеп қоғамдастығындағы денсаулықты жақсарту және әл-ауқат деңгейін арттыру әрбір мектеп таңдаған білімге, дағдыларға және қоршаған ортаға байланысты басым бағыттарға негізделуі керек.

Денсаулық саласындағы жақсы қалыптастырылған мақсат мектептің білім беру, әлеуметтік және кадрлық мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Сондықтан мақсаттарды қалыптастыру кезінде Сіздің мектебіңіздегі білім беру процесінің әр қатысушысының пікірін ескеру қажет.

Мақсатты қалыптастыру негіздері:

- Демократияны дамыту және қолдау, бүкіл мектеп қоғамдастығының қатысуын қамтамасыз ету.

<sup>8</sup> "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

- Оқушылар, мектеп қызметкерлері және ата-аналар тарапынан мектеп өміріне қатыстылық пен тартымдылық сезімі.
- Денсаулыққа жалпы мектептік көзқарас.
- Оқушылар қоғамдастығының өмірі контексінде денсаулық мәселелерін зерттеу.

Бұдан басқа, ДНЫМ тұжырымдамасын тиімді іске асыру келесі негізгі индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- оқушылар мен мұғалімдердің сабаққа қатысуын жақсарту;
- оқушылардың үлгерімін жақсарту;
- денсаулықты нығайту туралы білім жинақтау;
- балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік, мінез-құлықтық және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Мақсаттарыңызға жету үшін Сізге ата-аналармен, жергілікті қауымдастықтармен, кәсіби қызметтермен және қоғамдық ұйымдармен тиімді қарым-қатынасқа көп көңіл бөлген жөн. Бұл серіктестік Сізге мектептегі денсаулық пен амандық мүддесі үшін қажетті мәселелерді шешуге қосымша мүмкіндіктер, ресурстар мен қызметтерді ұсынады.

Мектеп транспаренттілікті көрсете отырып, барлық мүдделі тараптардың сенімі мен адалдығын нығайтады, бұл мектептің денсаулықты нығайту бойынша қажеттіліктеріне неғұрлым тиімді жауап беру үшін кеңес беру және ынтымақтастық арқылы ата-аналар мен қоғамдық топтардың/тұлғалардың белсенді қатысуын білдіреді.

#### **Мысал:**

*2018 жылғы Атырау қаласының оқушылары арасындағы скрининг нәтижелері асқазан-ішек жолдары ауруларының күрт өскенін, тісжегінің бар екенін көрсетті, сондай-ақ балалар арасында туберкулездің бірнеше жағдайы анықталды. Бұл фактілер қала мектептерінде ауыз сумен байланысты проблемалардың бар екендігін көрсетеді.*

*Жергілікті денсаулық сақтау органдары (ҚР ДСМ Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті Атырау облысының Денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп) ДНЫМ іске асыру шеңберінде Атырау қаласының 27 мектебінде ауыз су бұрқақтарын орнатуға бастама жасады.*

*Бастаманы ірі аймақтық компания қолдады. Демеушілік қолдау қаланың 27 мектебінде орнатуға 216 ауыз су бұрқақтарын сатып алуды жүзеге асырды.*

Әлеуметтік желілерде оқушылар мен ата-аналар позитивті посттар мен фотолармен бөлісе бастады. Оқушылар мен ата-аналардың оң пікірлері аудандардағы мектептерді қамти отырып, 2020 жылы бастаманы жалғастыруға шабыттандырды.



«Біздің мектепте су бұрқақтары пайда болғаннан кейін, әрқашан үлкен кезектер болатын асханадан су сатып алудың қажеті жоқ. Өзімен бірге су бәтелкесін алып жүрудің де қажеті жоқ, ол сәмкеде көп орын алып, ауыр болатын.»

«Жақында біздің мектепте ауыз су бұрқақтары орнатылды. Басында мектепте не жабдық орнатқанын білмедік. Кейін бізге бұл ауыз су бұрқақтары екенін айтып берген соң, мектепте мұндай заттың пайда болғанына қуандық. Бұрын біз мектеп асханасынан кезекте тұрып қайнаған су ішетінбіз, кейде үлгірмей қалатынбыз немесе суды үйден алып келетінбіз. Енді бізде мектепте таза ауыз су ішуге мүмкіндігіміз бар. Рахмет!».





## Қорытынды

SHE мектептеріне арналған нұсқаулық (*SHE School Manual ver.2*) балабақшаларда да, мектептерде де салауатты білім беру ортасын қалыптастыру үшін практикалық жұмыста бірегей әдістемелік құрал болып табылады; тиісті түрде түсінген кезде колледждер мен университеттердің жағдайына да оңай бейімделеді. Нұсқаулық мектепте денсаулықты сақтау және нығайту үшін қажетті қолайлы физикалық және әлеуметтік ортаны қалыптастыруға ықпал ететін дұрыс бағытты қалыптастырады және білім беру қызметінің тиімді тәжірибесін ұсынады.

Нұсқаулықтың мазмұны белгілі бір кезеңділікпен жаһандық және ағымдағы үрдістерді ескере отырып, дәлелді практикалар негізінде өзектендіріледі және ғалымдармен бейімделеді.

Өз кезегінде, осы қосымша Нұсқаулықтың құрамдас бөлігі болып табылады және ДНЫМ-ды қалыптастыру контекстінде Қазақстандағы денсаулық сақтау және білім беру жүйесінің ұлттық ерекшеліктері туралы түйінді хабарламаларды қамтиды. Сонымен қатар, осы қосымшада денсаулық сақтау саласындағы жеке терминдер туралы жалпы түсінікті қалыптастыратын бағдар үшін нақты мысалдар мен глоссарий келтірілген.

Министрліктердің, өңірлік және жергілікті билік органдарының, ғылыми мекемелер мен қоғамдық бірлестіктердің мүдделі тараптары Қазақстандағы ДНЫМ-ды дамытуға бағытталған өзара іс-қимылды жақсарту жөніндегі стратегияларды іске асыру және қажетті жағдайлар жасау үшін мектептерге арналған Нұсқаулықты түсінуі және қолдануы маңызды.

## Глоссарий

<p>Буллинг</p>	<p>Ұжым мүшелерінің (әсіресе оқушылар мен студенттер ұжымы, сонымен қатар әріптестер), сонымен қатар бір ресми немесе басқа ұжым мойындайтын ұжымнан болуы міндетті емес, көбінесе тұлғалар тобының тарапынан бір мүшесін агрессивті қудалау. Қудалауды бір адам (көшбасшы), кейде сыбайластарымен ұйымдастырады, ал қалған көпшілігі куәгер болып қалады. Қудалау кезінде жәбірленуші өзін шабуылдардан қорғай алмайды, сондықтан қудалау тараптардың күштері шамамен тең болатын жанжалдан өзгеше болады. Қудалау физикалық және психологиялық түрде болуы мүмкін. Ол барлық жастағы және әлеуметтік топтарда көрінеді. Қиын жағдайларда ол топтық қылмыстың кейбір белгілерін қабылдауы мүмкін.</p>
<p>Блейминг</p>	<p>Жәбірленушіні айыптау (ағылш. Victim blaming), ол қылмыстың, жазатайым оқиғаның немесе кез-келген зорлық-зомбылықтың құрбанына оған қатысты жасалған бұзушылық немесе орын алған жазатайым оқиға үшін толық немесе ішінара жауапкершілік жүктелгенде орын алады.</p>
<p>Мектептен тыс қоғамдастық</p>	<p>Мектеп қоғамдастығынан тыс, бірақ мектептің мүмкіндіктері мен әлеуетін дамытуға және нығайтуға ықпал ететін ресурстар.</p>
<p>Денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық</p>	<p>Адамдардың денсаулығын жақсартуға және қолдауға мүмкіндік беретін ақпаратқа қол жеткізуге, оны түсінуге және пайдалануға деген ынтасы мен қабілетін анықтайтын когнитивтік және әлеуметтік дағдылар.</p>

<p>Schools for Health in Europe еуропалық желісі</p>	<p>Мақсаты Еуропа мен Орталық Азияда балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту болып табылатын коммерциялық емес ұйым (тәуелсіз ҰЕҰ). Білім мен денсаулықты біріктіре отырып, ол жақсы білім беру арқылы денсаулықты жақсартуға тырысады.</p>
<p>Өмірлік дағдылар</p>	<p>Адамдарға күнделікті өмірдің талаптары мен мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін бейімделу және позитивті мінез-құлық қабілеттері.</p> <p>Өмірлік дағдылар жеке, тұлғааралық, когнитивтік және физикалық дағдылардан тұрады, бұл адамдарға өз өмірлерін басқаруға және бағыттауға, сонымен қатар қоршаған ортамен өмір сүру және оған өзгерістер енгізу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.</p>
<p>Денсаулық</p>	<p>Аурулардың немесе сырқаттардың болмауы ғана емес, тұтастай тәни, әлеуметтік және психикалық салауаттылығының жай-күйі.</p>
<p>Салауатты әдеттер</p>	<p>Топтың немесе жеке адамның денсаулығын сақтауға, қалпына келтіруге және жақсартуға байланысты модельдерді, әрекеттер мен әдеттерді сипаттайтын адамның денсаулығына қатысты мінез-құлқы.</p> <p>Денсаулыққа байланысты белгілі бір мінез-құлық жасөспірім кезінен басталуы мүмкін, ал тамақтану режимі сияқты басқа мінез-құлық модельдері ерте балалық шақта орнатылады.</p>
<p>Кибербуллинг</p>	<p>Бұл әлеуметтік желілерде, хабарламалармен алмасу қосымшаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда ұзақ уақыт бойы цифрлық технологияларды қолдану арқылы қорқыту және қорлау,</p>

	олардың мақсаты қудаланғандарды қорқыту, ашуландыру немесе масқаралау болып табылады.
Жұқпалы аурулар	Организмге вирустардың патогендік (ауру тудыратын) микроорганизмдерінің енуінен туындаған аурулар тобы.
Психикалық денсаулық	Бұл әрбір адам өзінің жеке әлеуетін іске асыра алатын, қалыпты өмірлік стрестерді жеңе алатын, нәтижелі және жемісті жұмыс істей алатын, сондай-ақ өз қауымдастығының өміріне үлес қоса алатын әл-ауқаттың жай-күйі.
Инфекциялық емес аурулар	Қант диабетін, жүрек-тамыр ауруларын, қатерлі ісік, созылмалы респираторлық ауруларды және психикалық бұзылыстарды қамтитын денсаулықтың бұзылыстары тобы - ДДҰ-ның Еуропалық аймағында өлімнің 86% және аурулар ауыртпашылықтарының 77% тудырады. Бұл бұзылуларды көбінесе болдырмауға болады және жалпы қауіп факторларымен, терең детерминанттармен және араласу мүмкіндіктерімен байланысты.
Кері байланыс	Қандай да бір іс-әрекетке немесе оқиғаларға пікір, жауап, жауап реакциясы
Денсаулық мәселелеріне оқыту	Ол саналы түрде білім алу мүмкіндіктерін, оның ішінде медициналық сауаттылықты арттыруға арналған қарым-қатынастың кейбір түрлерін, соның ішінде білімді жетілдіруді және адам мен қоғам үшін қолайлы өмірлік дағдыларды дамытуды қамтиды.
Денсаулыққа қатысты мінез-құлық	Адамның нақты немесе болжамды денсаулық жағдайына қарамастан, мұндай мінез-құлық осы мақсат үшін объективті тиімді болатынына-болмайтынына да

	қарамастан, денсаулықты нығайту, қорғау немесе сақтау мақсатында жасаған кез-келген іс-әрекеті.
Мінез-құлықтық қауіп факторлары	Аурудың немесе жарақаттың даму ықтималдығын арттыратын адамның қандай да бір қасиеті немесе ерекшелігі немесе оған қандай да бір әсер етуі. Ең маңызды қауіп факторлары - дене салмағының төмендеуі, қауіпті жыныстық қатынас, жоғары қан қысымы, темекі мен алкогольді тұтыну және қауіпті су, санитария мен гигиена.
Аурулардың алдын алу	Аурудың пайда болуын болдырмау, мысалы, қауіп факторларын төмендету бойынша ғана емес, сондай-ақ оның өршуін тоқтату және анықталғаннан кейін салдарын азайту бойынша шаралар.
Репродуктивті денсаулық	Бұл репродуктивті жүйеге, оның функциялары мен процестеріне қатысты барлық мәселелерде аурулардың немесе сырқаттардың болмауы ғана емес, тұтастай төни, психикалық және әлеуметтік сауаттылығының күйі.
Қоғамдастық	Көбінесе белгілі бір географиялық аймақта тұратын, жалпы мәдениетті, құндылықтар мен нормаларды бөлісетін адамдардың белгілі бір тобы, қоғам белгілі бір уақыт аралығында дамытқан қатынастарға сәйкес әлеуметтік құрылымға айналады. Қоғамдастық мүшелері өздерінің жеке және әлеуметтік ерекшеліктерін иеленеді, қоғамдастық бұрын дамытқан және болашақта өзгеруі мүмкін жалпы нанымдармен, құндылықтар мен нормалармен бөліседі. Олар топ ретінде өздерінің сәйкестігі туралы белгілі бір хабардарлықты көрсетеді, ортақ қажеттіліктер мен оларды қанағаттандыру ұмтылысымен бөліседі.
Әлеуметтік орта	Мектептің әлеуметтік ортасы оқушылардың арасындағы, сондай-ақ оқушы мен мұғалімдер, басқа қызметкерлер мен мектеп басшылығы арасындағы қарым-қатынастың

	сапасына жатады. Бұл компонент денсаулыққа, амандыққа, қорлауға, қауіпсіздікке, инклюзивтілікке және әртүрлілікке қатысты мектеп саясатын, сондай-ақ мектептің әлеуметтік желілері мен виртуалды ортаны қамтиды. Әлеуметтік қарым-қатынастың бұл түрлері денсаулық пен амандыққа әсер етуі мүмкін және мектеп мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады.
Троллинг	Әлеуметтік желілерде қатынасу кезінде әлеуметтік арандатудың нысаны, ол көбінесе танымал болуға, жариялылыққа және эпатажға бағытталған; анонимді пайдаланушыларға да тән.
Денсаулықты нығайту	Бұл адамдарға бақылауды күшейтуге және денсаулығы мен жағдайларын жақсартуға мүмкіндік беретін процесс.
Физикалық белсенділік	Бұл жұмыс, ойын, үй жұмысын орындау, сапарлар және рекреациялық сабақтар кезіндегі белсенділікті қоса алғанда, энергия шығынын талап ететін қаңқа бұлшықеттерімен атқарылатын дене қозғалысы. «Физикалық белсенділік» терминін жоспарланған, құрылымдалған, қайталанатын және физикалық жағдайдың бір немесе бірнеше компоненттерін жақсартуға немесе қолдауға бағытталған физикалық белсенділік санаттарының бірі - «жаттығу» ұғымымен шатастырмау керек.
Физикалық орта	Мектептің физикалық ортасына сынып бөлмелерінің мөлшері, сыртқы кеңістік, ішкі климат, жарық, шу, гигиена, сәулет, интерьер дизайны, жиһаз және ішкі үй-жайлар кіреді.
Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер	Өмір сүру, оқу және жұмыс істеу үшін салауатты орта ретінде өзінің әлеуетін үнемі нығайтатын мектеп.

## Әдебиет және дереккөздер

1. Қазақстан Республикасында балалардың семіздігі мен оны қалыптастыратын факторлардың эпидемиологиялық мониторингі, 2015-2016 жж. <https://hls.kz/uploads/scientific-facts/rus/cosi-nac-otchet-detskoe-ojirenie.pdf>
2. Қазақстанның балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы мен амандығын қалыптастыратын факторлар, 2019 ж.; <https://hls.kz/nauchnye-fakty>;
3. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (30.04.2020 ж. № 169 редакция).
4. «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 18 мамырда № 15131 болып тіркелді
5. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №982 қаулысы.
6. «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» жобасын іске асыру жөніндегі жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Вице-министрі Л.В. Бюрабекованың 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 01-1-0/9305-вн бұйрығы
7. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.
8. Health Promotion Glossary. World Health Organization 1998, Geneva. <https://www.who.int/healthpromotion/about/HPR%20Glossary%201998.pdf>
9. Денсаулықты нығайту мәселелері бойынша терминдердің глоссарийі. Nutbeam D. Health Prom Int. 1998; 13:349–64. WHO/HPR/HEP/98.1. [https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/64546/WHO\\_HPR\\_HEP\\_98.1\\_rus.pdf;jsessionid=A528AB01CAE36834CFCFDB76CED5F98D?sequence=2](https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/64546/WHO_HPR_HEP_98.1_rus.pdf;jsessionid=A528AB01CAE36834CFCFDB76CED5F98D?sequence=2)
10. Репродуктивті денсаулық. Ғаламдық веб-сайт: <https://www.who.int/westernpacific/health-topics/reproductive-health#:~:text=Reproductive%20health%20is%20a%20state,to%20its%20functions%20and%20processes>
11. Schools for Health in Europe еуропалық желісі Ресми веб-сайты: <https://www.schoolsforhealth.org/>
12. Жалпыға қол жетімді көп тілді әмбебап интернет-энциклопедиясы <https://ru.wikipedia.org/wiki/>